

«ФОТОӨНЕР»
ҚОҒАМДЫҚ
БІРЛЕСТІГІ



ҚАЗАҚ
БАСПАСӨЗІНІҢ
ФОТОШЕЖІРЕШІЛЕРІ

УДК 002 (084)
ББК 76-01 26
Қ17

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

АҚЫЛДАСТАР
АЛҚАСЫ:

НҮРҒОЖА ЖҰБАНОВ,
ЗӘКІР АСАБАЕВ,
АФРИЗА АЙТБАЙҚЫЗЫ

Құрастырған – Асылхан Әбдраим

Қ17 Қазақ баспасөзінің фотошежірешілері
(12 ардагер фотографияның 20 ғасырдағы тарихи суреттері)
Алматы. Өнер, 2013, 240 б.

Бұл фотоальбом Қазақстанның 1930-2000 жылдар аралығындағы тыныс-тіршілігін, ұлттық салт-дәстүрін, соғыс және еңбек ерлерін, әр саладағы белгілі тұлғалардың бейнелерін мәңгілік тарихта қалдырған, баспасөз арқылы халыққа танытқан, ел сүйіспеншілігіне бөленген ардагер фотошежірешілер еңбегіне арналып отыр. Фотожинақты бүгінгі қоғамға аса қажет болып тұрған фотожурналистика жүйесін қалыптастыру, дамыту мақсатында құрылған «ФОТООҢЕР» қоғамдық бірлестігі ұсынды. Әрбір фотосурет халықтың тарихынан хабар береді. Тарихи фотосуреттер өз заманының үлгісі ретінде ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қала береді. Фотоальбом осы салада қызмет етіп жүрген мамандарға, зерттеушілерге, студенттерге және фотографияға қызығушылық танытатын әрбір оқырманға арналған.

*Фотосуреттердің көшірмелері
Орталық кинофотоқұжаттар және
дыбыс жазбалар мұрағатынан,
қазақ баспасөзі редакцияларынан,
және авторлардың отбасындағы
мұрағаттарынан алынды*

ISBN 978-601-209-210-3

УДК 002 (084)
ББК 76-01 26

© «ФОТООҢЕР», 2013
© Айымбет Нұран, безендіру, 2013
© «Өнер 21-ғасыр» қоғамдық қоры, 2013

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ФОТООШЕЖІРЕШІЛЕРІ

ЗАМАН • ТАРИХ • ТАҒДЫР • ЖЫЛДАР





КІРІСПЕ СӨЗ ҚАС ҚАҒЫМ СӘТ – ТАРИХ!

Ә

...мір қас қағым сәттерден тұрады. Тарих та солай. Оны өмір сүріп жүрген адамның өзі де бақылай алмайды. Әр адамның өмірі осындай қас қағым сәттердің жиынтығы екендігі анық. Ендеше бір отбасы ғана емес, жалпақ жұрттың – бүкіл халықтың қас қағым сәттерінен барып тарих құралмай ма?!

Міне, халық тарихының әр ғасырда биік тұратындығы да осыдан. Тарихты ешбір адам, ешбір қоғам және ешқандай адамзат баласы қолдан жасай алмайды! Жасаған да емес. Жер бетінде Бір Аллаһтың бұйрығымен Адам Ата – Хауа Анамыз жаратылғалы бері бірінен-біріне жалғасып, өсіп-өрбіп келе жатқан жан-дүние қозғалысы мен оқиғаларды бірден-бірге әңгімелеп айтып, жүйелеп – тасқа, топыраққа, ағашқа, қағазға бедерлеп: жазып, сызып, бейнелеп, көрсетіп, кейінгілерге қалдырып келе жатыр. Тарихты білу, тану, оқу дегеніңіз – осы жол. Адамзат тарихында тіршілікті кескіндеп көрсету мақсаты ежелгі Қытай, Үнді, Египет елдерінде түпкі мақсаттарға айнала келіп, өнері мен ғылымы шығандай дамыған ортағасырлық Шығыста Әбунасыр әл-Фараби т.б. еңбектерінде нақты белгілер берді де, Еуропаға өтіп, XV ғасырда заттық мүсінге, ал XIX ғ. басында (1802 ж.) сыртқы нәрсенің кескінін анықтап алу толық жүзеге аса бастады. Сөйтіп, фотоға түсіру өнері басталды.

Қолдарыңыздағы «Қазақ баспасөзінің фотошежірешілері» деп аталатын фотоальбом – өткен ғасырдың 30-жылдары қазақ даласына жаппай келіп енген фотоға түсіру дәстүрінің тұтастай бір нұсқасы. Бәріңізге белгілі, өткен ғасырдың тарихы – негізінен, кеңестік жүйенің тарихы. Оның қойнауында да қазақ халқының шоғырлы-шоқтықты белестері тұр. Сондай оқиғалар мен тарихи тұлғаларды қоғамның биік дәрежесінде қалдыру үшін Қазақстанда ондаған, жүздеген фототілшілер еңбек еткен. Солардың алдыңғы қатардағы бір тобының қолынан шыққан фотосуреттер осы кітапта шоғырланған екен. Міне: Жамбыл Жабаев, Мұхтар Әуезов, Шыңғыс Айтматов, Нұрсұлтан Назарбаев, Әлкей Марғұлан, Күләш Байсейітова, Мұқағали Мақатаев, Тоқтар Әубәкіров., т.б. Қараңызшы: Жамбылдай, Мұхтардай, Әлкейдей даналармен қатар, бізге осы фотоальбомның беттерінен тарихқа әлі белгісіз – жасы 30-ға жетер-жетпес жап-жас жігіт, сол кезде Теміртауда темір балқытып жүрген бүгінгі Елбасымыз – Нұрсұлтан Назарбаевтың фотопортреттері қарсы алдыңнан жарқ ете қалады. Міне, қас қағым сәт – тарих!

Қазір Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздігін алып, әлемдік өркениет көшіне қосылғалы бері де – қас қағым сәттерде небір мыңдаған-миллиондаған фото-бейне кадрлар түсіріліп жатыр. Олардың төрешісі – алдағы кезеңдер, алдағы ғасырлар!

Турасын айтсам, Қазақстан халқына белгілі сахна және кино актері болғаныммен, мен де сонау 50-жылдардан бері фотосуреттер түсірумен мықтап айналысамын. Менің фотомұрағаттарымда тарихи фотокадрлар өте көп. Бәрі музейде. Менің негізгі кәсібім сахна мен өнер болғандықтан, фотоөнерімді көп жұртқа көрсетпей келемін. Осы фотоальбомға еңбектері еніп отырған суреткерлерді мен түгелге жуық жақсы білемін. Сол себепті де мұндай аса ізгі мақсатта жарық көріп жатқан осы фотоальбомға батамды беріп отырмын.

Іске сәт, қас қағым сәт – тарих! Жолың жарық болсын, халқымыздың фотоөнері!

Сәбит ОРАЗБАЕВ,
ардагер фотосуретші,
актер, Қазақ КСР-інің халық артисі,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты



ӨНЕРЛЕРІҢ ӨРГЕ ОЗСЫН

Газеттердің бүгінгі жаңа нөмірін қолыма алып, ашып жібергенде, ең алдымен көзім түсетіні – кәдімгі фотосуреттер.

Өйткені, өзгешелігі айқын фотосуреттер – өмірдің айнасы, ел тарихының куәгері.

Жақсы суретке үңіліп отырып, жайсаң замандаспен сырласқандай күй кешемін. «Көз – көңілдің айнасы» деп қазақ кемеңгерлікпен айтқан: жан-дүниесінің ішкі сыры – бәрі көзден айқын көрінеді. Алдымен суреттегі адамның көзіне қарайтыным содан.

Фотосурет түсіру – нағыз шынайы өнер. Заңғар фотограф – замана шежіресі. Мен фотографқа өзімнің әріптесім, өнерпаз ретінде қарап, өшпес еңбегін сүйсіне сыйлаймын. Осыдан ширек ғасырдай бұрын бір фотографқа қайырылған өлеңімде:

«Қас қағымды қарт тарихқа сыйлайсың,

Ізсіз-түзсіз жоғалтуға қимайсың», – дегенім есіме түседі.

Мен 1948 жылдан журналистикамен шұғылданғаннан бастап, талай да талай тарлан фотографтармен қызметтес, сырлас, сапарлас болдым. Мәселен, «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алашта») соғыстан бұрын да штатты қызметте істеген Петр Редько классик фотограф еді.

Ол Жамбыл атаның да, Сәкен Сейфуллиндердің де бейнесін мәңгіліктің құзырына сыйлаған...

Сол сияқты Жүнісбек Пайызов, Қайрат Мұстафин, Нұрғожа Жұбанов, Сайлау Пернебаев, Дендербай Егізовтердің таңдаулы суреттері – таңдай қақтыратын, тарих төрінен орын алған дүниелер.

Мұзафар ӘЛІМБАЙ,
ардагер журналист,
Қазақстанның халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ




Рысқали **Дүйсенғалиев**
13

Сиез **Бәсібеков**
134



Петр **Редько**
32

Сайлау **Пернебаев**
150



Бекмұхамбет **Тілекметов**
52

Дендербай **Егізов**
164




Жүнісбек **Пайызов**
69

Алашыбай **Есмағамбетов**
171




Қайрат **Мұстафин**
89


Нұрманбет **Қизатұлы**
192



Нұрғожа **Жұбанов**
120

Рахымбай **Ханалы**
205





КӨРКЕМДЕУ ҚҰРАЛЫНАН – КҮРДЕЛІ САЛАҒА

Адамзат өмірін мәнді де сәнді етуге зор септігін тигізген жаңалықтардың бірі – фотография 1839 жылдың 7 қаңтарында дүниеге келді. Яғни, сол күні Париж Ғылым академиясының ғылыми хатшысы Доминик Франсуа Араго осы Ғылым академиясының сол күнгі өткен кезекті мәжілісінде француз өнертапқышы Луи Жак Манде Дагер ашқан «Камера обскура» – «Қара қобдишаның» ішкі артқы қабырғасына салынған йодталған қалайы табақшаның бетіне «Қара қобдишаның» алдыңғы саңылауынан жарық түсіру арқылы заттың бет-бейнесін алуға және оны сынап буына ұстаудың көмегімен сақтауға болатындығы жөніндегі жаңалығын жария етті.

Соған байланысты, бұл күн ресми түрде фотографияның туған күні болып тарихқа енгізілді. Сондай-ақ, оның өмірден өз орнын табуына Дагердің жерлесі, ұстазы Жозеф Нисефор Ньепс пен ағылшын ғалымы Вильям Генри Фокс Тальботтың қосқан үлесі мол болды. Олардың ашқан бұл жаңалығы Жер шарының түкпір-түкпіріне тез-ақ тарап, сол жылы Ресейге де жетіп үлгерді. Қазан айында орыс армиясының офицері Теремин Петербургте «Қара қобдишаның» объективін 25 минут ашып қойып, Исаакиевский шіркеуінің сыртқы бейнесін түсіріп алды. Фотография Қазақстанға 1841 жылдың 6 желтоқсанында аяқ басты. Тура сол күні Ордада «Жәңгір мектебінің» ашылу салтанатына Жәңгірхан Ресейден арнайы фотограф шақыртып, осы мектепке алғаш қабылданған оқушылардың ортасында отырып түскен фотосуреті тарихтан белгілі.

Алайда, фотографияның сонау Еуропаның қақ төрінен бастау алып, айналасы бір-екі жылдың ішінде кең-байтақ Қазақстанның жеріне жетуі қаншалықты жылдам болғанымен, оның мерзімді баспасөз беттерінен орын тебуі соншалықты шабандық танытуы көңілге қаяу түсірмей қоймайтыны анық. Оның, әрине, өзіндік объективтік себептері жоқ емес еді. Біріншіден, өнеркәсібі әлі өрге басып үлгермеген бұл өлкеде мерзімдік баспасөзді басып шығаратын баспаханалар жоқтың қасы болды. Екіншіден, олардың бәрі де ескі, фотография клишелерін жасайтын цехтармен қамтамасыз етілмеді.

Анда-саңда газет бетінде көрініс тапқан фотосуреттердің өзі Мәскеуден арнайы дайындалған клишелер арқылы жіберіліп отырылды. Бұл іспен толығырақ шұғылдануға мүмкіндік беретін республикалық баспахананың өзі де Қазақ АССР-ының астанасымен бірге Орынбордан Қызылордаға, Қызылордадан Алматыға көшіп отыруына байланысты жаңа техникалық жабдықтармен жарақтандырыла алмады.

Әйтпесе, фотография өнеріне деген қызығушылық Ресейден Қазақстанға қоныс аударушылар тарапынан да және жергілікті ұлт өкілдері арасынан да аз болған жоқ.

Оның мысалы ретінде бүкіл саналы ғұмыры, атап айтқанда, 1899 жылмен 1958 жылдың аралығын қамтыған Дмитрий Поликарпович Багаевтың фотографиялық қызметі тек бір ғана Павлодар облысының өсіп-өркендеу жолына бағытталса, Евсей Ефимович Блехманның шығармашылық қызметі Қазақстан Республикасының алғашқы АССР болып құрылған кезінен кешегі тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңіне дейінгі тыныс-тіршілігін әсте қалт жібермей фото-кино аппараттарына арқау етті.

Сондай-ақ, 1901 жылы Бөкей ордасының жүз жылдық мерейтойына орай Петербурда өткен салтанатында II Николай патшадан фотоаппарат және оның құрал-саймандарын қоса сыйға алған Шәңгерей Бөкеев ғасыр басынан бастап қазақтың сол кездегі бетке ұстар белгілі азаматтарының басым көпшілігінің фотошежірелік суреттерін түсіріп алса, сол кездерде жер шарының жартысын жаяу аралап, жүрген жерлеріндегі бейтаныс халықтың қиын да күрделі тұрмыс тіршілігін фотообъективке нысана етіп алған сансыз суреттердің иесі Әліби Жангелдиннің де фотография саласындағы баға жетпес бай мұралары туралы сөз етпеуге болмайды.

Бірақ, өкінішке қарай, қазақтың танымал ақынының кешегі күнге дейін танылмай келген өнерінің және аты аңызға айналған революционер әрі қоғам қайраткерінің артына қалдырған осы еңбектерінің бірен-сараны ғана болмаса, көпшілігінің қолды болып, ұстағанның қолында, тастағанның жолында шашылып, із-түзсіз жоғалып кетуі өрелі жанның өзегін өртейтіні сөзсіз. Оларды жинақтап-сақтап, мұражайларға немесе мұрағатқа өткізіп отырғанда, келешек ұрпақтың игілігіне жаратуға, қазіргі тәуелсіздік алған тұстағы тарихымызды түгендеуге зор септігін тигізер еді.

Фотография бастапқы кезде мерзімдік баспасөзді безендіру, көркемдеу құралы ретінде қолданылды. Оның баспасөз беттерінен тұрақты орын алуы 1932 жылдың 9 мамырынан басталды. Дәл сол күні Алматыда ВКП (б) Орталық Комитетінің партиялық баспасының Қазақстандағы бөлімшесі ашылды. Соған байланысты баспахана техникалық тұрғыдан жаңартылып, газет-журнал беттерінде жарияланатын фотосуреттердің клишелерін жасайтын цех іске қосылды. Бұл өз кезегіне орай мерзімдік баспасөздің сапасын арттырумен қатар олардың бір орталыққа шоғырландырылуына мүмкіндік туғызды.

Осылай фотография мерзімдік баспасөздің бетіндегі безендіру, көркемдеу құралынан бірте-бірте кеңейіп, журналистиканың жеке саласына қарай аяқ басты.

Газет-журналдардың штаттық кестесіне фототілші мамандығы енгізілді. Солардың бірі бұрынғы «Лениншіл жас», қазіргі «Жас Алаш» газетінің фототілшісі болып жап-жас орыс жігіті Петр Редько орналасты.



Шәңгерей
Сейіткерейұлы
Бөкеев.
(1847-1920)

ұжымына оралды. Сөйтіп, зейнеткерлік демалысқа шыққанша осында қажымай-талмай еңбек етті.

Оны бүгін еліміздің көмір ордасы Қарағандыдан көрсең, келесі бір сәтте Түркісіб теміржолшыларының қажыр-қайратын қалың елге таныстырғанын байқайсың. Тағы бір сәтте Гурьев мұнайшыларының өмірінен түсірген фоторепортажын көріп оқисың. Қысқасы, ол аяқ баспаған Қазақстанда бірде-бір өңір, аймақ қалмады.

Сөйтіп жүріп қазақ тілін де жетік меңгеріп алды. Орыспен кездесе орысша, қазақпен кездесе қазақша амандасып, ағып сөйлеп тұрғанына куә боласың. П.Я.Редько сонымен қатар, Бүкілодақтық газет-журнал редакциялары ұйымдастырған конкурстарға қатысып, талай рет жеңімпаз да атанды. Сондай-ақ, Қазақ фотожурналистикасының қалыптасуына сүбелі үлес қосқандардың тағы бірі – «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің фототілшісі Иван Ильич Котов еді. Оның әрбір сапары көпшілік үшін зор мереке болатын. Ол суретке түсірерде қазақшалап «күл» деудің орнына «кул, кул» деп елді қыран-топан күлкіге батырып жүруші еді дейді әріптестері ол туралы. Жасаған жасынан жасары көп жас жігіт соғыстан қайтып оралмады.

Елімізге қауіп-қатер төнген сұрапыл соғыстың салдарынан бұл кезде көптеген облыстық, аудандық газеттер жабылып қалды. Енді-енді жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ фотожурналистикасы осы уақытта сәл болса да тоқырауға тап болды. Оның қайта өрлеуі соғыстан кейін елуінші жылдардың екінші жартысынан басталды. Бұл кезде Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің бір топ түлегі фотожурналистиканың дамуына барынша үлес қосты.

Олардың қатарында Р.Дүйсенғалиев, С.Ақпанбетов, Б.Тілекметов, Н.Жұбанов сияқты т.б. фототілшілер бар еді.

Көп ұзамай, бұлардың қатарына Қ.Мұстафин, С.Пернебаев, Ж.Бозымбеков, Ж.Пайызов, С.Бәсібеков, А.Есмағамбетов, Д.Егізовтер келіп қосылды.

Қазір ғылым мен техниканың қарыштап өскен шағы. Ол фототехниканың күрт өсуіне септігін тигізді. Бұрындары шет елдің фототілшілерінің қолынан ғана көретін Жапония, Америка Құрама Штаттарының шығарған осы заманғы озық фотоаппараттарына қызығатын уақыт өтті. Оларды бүгінде біздің еліміздің кез келген фототілшілері де сатып алуына мүмкіндігі жетеді. Енді осы техникаларды тиімді пайдалана отырып, жас жеткіншек фототілшілеріміздің алдыңғы буын ағаларының ала алмаған биік белестерін оңай бағындыратындығына сенеміз.

Олардың алға қойған мақсаттарын орындауына жұмыла кірісуіне тілектестік білдіреміз.

Әскер ИСАҚОВ,
қазақ фотожурналистикасын
зерттеуші

Ж

БҰЛ – БЕКЗАТ ӨНЕР

етпісінші жылдары «Лениншіл жас» газетінде Жанболат Аупбаевтың «Әлемді шарлаған сурет» деген ғажайып мақаласы жарық көрді. Фотоөнер туралы ойлағанда сол сурет еріксіз көз алдыма келеді. Биік жарға маңдайын, балдағын сүйеп тұрған жалғыз аяқты зор денелі кісі бейнеленген суретті көрген адам өзін бейжай сезіне алмас еді. Сірә, осы кезден басталды ма екен, білмеймін, әлде бала кездегі әуесқойлықтың ықпалы ма, кім білсін, суреттерден алған әсерімді қағазға түртіп қойып жүрдім. Кейіннен журналистикаға келген соң, оған баяғы балаң қызығушылықтан алыстап, байыппен қарай бастадық. «Лениншіл жас», «Егемен Қазақстан», «Парасатта» «Сөйле, сурет!» деген айдар аясында бұл тақырыпқа талай мәрте оралудың сәті түсті. Бірде Шәкен Аймановтың әжім торлаған (өкінішке қарай суретті кім түсіргені есімде жоқ) жүзін, әсіресе, маңдайындағы қатпар-қатпар қыртыстарды көріп толқығаным сонша, «Киномыздың Геркулесі» деп аталатын шағын әсер жаздым, ол «Егемен Қазақстанда» жарияланды. Бұдан кейін «Егемен Қазақстанда» «Жансарай» деген әдебиет, өнер бетін ашып, жұрт назарын аударатын фотосуреттерді жүйелі түрде жариялай бастадық. Уақыт өте келе «Комсомольская правданың» тілшісі, Лениндік сыйлықтың лауреаты Василий Песковтың түсірген суреттеріне қатты қызықтым. Қысқасы, суреттер жинауды әдетімізге айналдырдық. Қазірдің өзінде мұрағатымызда қолды болып кеткендерінен басқа, құнды суреттер едәуір баршылық.

Айтамын дегенім, қазақтың кәсіби фотосуретшілерінің басын қосып, алғашқы кітабын баспаға дайындап жатқан Асылхан бауырым кітапқа кеңесші болуға және алғы сөз жазуға өтініш айтқанда әрі қуандым, әрі қобалжыдым. Қуанғаным, бұл өзі бір өте құптарлық, әрі сауапты іс, ал, қобалжығаным, аталмыш кітап, ондағы тұлғалар туралы сөйлеудің жауапкершілігі еді. Сонан соңғы қауіп: егерәки кейбір тұлғаларды ұмыт қалдырып жатсақ, оқырмандардан алдын ала ғафу өтініп, келесі кітапқа енгізуді қаперімізге аламыз.

«Мәдениет дегеніміз – ұлтты өліп-өшіп сүю» деген сөз бар екен Жүсіпбек Аймауытовта. Солай демекші, мұндағы көңілге де, көзге де тым ыстық көрінетін ағаларымыздың бәрі – бұл кәсіпті биік өнер деңгейіне көтерген, ұлтын өліп-өшіп сүйген жандар. Оларды бірінен-бірін бөле жарып қарай алмайсың. Егер журналистикада қарыз, парыз деген болатын болса, біз ең алдымен соларға қарыздармыз. Бәлкім, қазір, мына алмағайып заманда көп нәрсенің қадіріне жете бермеспіз. Тәуелсіздігіміз енді бір 20 жыл аман тұрса, бұл дүниенің әрқайсысы алтынға



ғажайып өнердегі дәстүрлі сабақтастықты сақтап қалған, ұлтқа қызмет еткен тұлғалар. Қалай екенін қайдам, әлде уақыттың өзі адамды басқа арнаға бұрып жібере ме білмеймін, олардың қазіргі фотосуретшілердің көбінен ерекшелігі – шетінен шешен, шебер, өнердің бағасын білетін биіктер еді. Шетінен айтқыш келетін, үнемі асығыс амандасып, асығыс кетіп бара жататын, жарықтықтар.

Кітапта фотоөнер тарихы жеткілікті айтылғандықтан, оған тоқталған жоқпыз. Алайда, қазақтың тұңғыш кәсіби фотосуретшісі Шәңгерей Бөкеевтен басталып, байтақ әлемге айналған осы өнер түріне, рухани мұратқа адалдық танытқан тұлғалардың өмірін зерттеуге, қазақтың көркем тарихының тың жатқан бір саласына түрен түсті деп ойлаудың өзі бір ғанибет. Ұлы Ғабең театрды «хас сұлудың көз жасындай, мөлдір өнер – театр» деп еді. Журналистика да, газет, журнал шығару да театр тәрізді жиынтық өнер. Оның да бас режиссері, драматургі, актерлері, суретшілері бар. Соның бір өте сұлу да сымбатты, нәзік те нәзира саласы – фотоөнер.

Енді бірді-екілі ұсыныстарымызды айта кетсем деймін. Өнердің қай түрі болсын сол ұлттың өзегінен жарып шығады. Демек, оған құрмет – ұлтқа, тұлғаға құрмет. Тарихты тұлға және оның туындылары жасайды. Соны терең сезінген Асылхан бауырымның қадамын құптай отырып және осы іске кең өріс беру қажет, яғни, оның бұл тірлігі алдағы үлкен істердің хабаршысы деп білген жөн.

Ендігі жерде бұл шағын еңбек дерегі, дәйегі мол тарихитанымдық энциклопедияға айналып, ол тиісті оқу орындарында оқулық орнына жүруі керек. Кейбір өсіп-өнген елдерде бұл сала шеберлеріне арнайы шеберхана бөлінетінін былай қойғанда, фотоөнер академиялары бар. Қандай тарихты болсын, фотоөнерсіз елестете алмайсыз және ол сүреңсіз болып шығар еді. Демек, Қазақстан фотоөнері шеберлерінің тарихи мұражайын ашу кезек күттірмейтін мәселе. Сонда әргі-бергі тарихтың фотошежіресі бір жерде жинақталып, жүйеленіп, ол біздің қасиетті қара шаңырағымыздың біріне айналған болар еді. Қазіргі күннің шексіз мүмкіндігін ескерсек, одан ақылды да, ақшаны да, білімді де, білікті де аяудың қажеті жоқ. Бұл – бекзат өнер. Соның қадірін білсек екен.

Қали СӘРСЕНБАЙ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері,
Президент сыйлығының лауреаты,
Құрмет орденінің иегері,
Алматы қалалық мәслихатының депутаты,
«Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы.

1916-2006



FO-RD-1-01

Рысқали ДҮЙСЕНҒАЛИЕВ

Ұлы Отан соғысының ардагері.
КСРО Журналистер одағының мүшесі.
Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.
1952 жылдан фототілшілікпен айналысты.
Бірнеше рет Республикалық деңгейде
фотокөрмелері ұйымдастырылды.
ТМД елдері мен шет елдерде өткен байқауларда
жұлдеге ие болған.

Ж

ТОҚСАННЫҢ ТӨРІНЕ
ШЫҚҚАН ФОТОТІЛШІ

арты ғасырдың фотошежіресін жасаған Рысқали ақсақал жайында айта бастасақ – өмірге риза боламыз. Тіліміз тасқа, дейміз де. Өмірбаянының өзі бірнеше бетті толтыратын сан қилы тағдыр иесінің тоқсан жастан асса да талмай, бойындағы бар қажыр-қайратымен газет-журналдарды аралап жүретін еңбекқорлығына таңданбақша шараң жоқ. Қазақстан басылымдарында «Суретті түсірген Р.Дүйсенғалиев» деген сөз алпыс жыл бойына басылып келді. Бұл дегеніңіз, біздің кейіпкеріміздің суреттері жарты ғасырдан астам уақыт бойы еліміздің газет-журналдарына азық болып келді деген сөз. Және алпыс жылдық бай мұрасы бар. Қазақстан басылымдарын былай қойғанда, Дүйсенғалиев түсірген фотолар АҚШ, Франция, Қытай, Болгария, Румыния, Польша, Чехословакия, Үндістан, Египет сынды әлемнің біраз елдерінің басылымдарында жарияланып жатты. Бұнымен қоса әлемнің жиырмадан аса елдерінде жеке көрмелері өтіп, көрермендерінен өз бағасын алған. Тіпті, кейбір энциклопедиялар мен фотоальбомдардан фотосуреттері орын алған.

Қазақ фотожурналистикасының негізін салушылардың бірі саналатын Рысқали қария жастық шағының біраз белесін қиындықта өткерсе де, өзінің тағдырына риза. Ол кісі өз мамандығының арқасында қазақтың маңдайына біткен Жамбыл Жабаев, Дінмұхамед Қонаев, Мұхтар Әуезов, Бауыржан Момышұлы, Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбанов, Қаныш Сәтбаев, Ғарифолла Құрманғалиев, Күләш Байсейітова, Жұбан Молдағалиев сынды талай-талай ұлы тұлғалармен дәмдес-туздас болған. Солармен бірге жүріп, бірге тұрған. Дос-жар болған. Дүние жимай, дос жиған. Және сол ақиық азамат достарының фотосуреттерінен мұрағат жасаған. Ол кісі өзі сұхбаттасқан, фотосуретке түсірген әр кейіпкеріне құрметпен қараған. Содан болса керек, сол мұраларының барлығын да баладай күткен, сақтаған. Осы күнге дейін түсірген 30 мыңнан асатын фотосы қазақ фотоөнеріне қосылған мол мұра деуімізге толық негіз бар. Отыз мың деген түсінген адамға аз сан емес. Отыз нарға жүк боларлық дүние. Ал осынша еңбек еткен кейіпкеріміздің алған атақтары мен жүлделері де бір атанға артарлық. Алайда, тоқсанның төріне озған қария ат пен атаққа соншалықты қызықпайтындығын байқатты. Тек шынайы пейіл мен құрметті ғана қажет етеді. Айқайлап сөйлеп, ақжарқын күліп, редакциямызға кіріп келгенде, дала кеңдігімен қауышқандай біз де арқа-жарқа болып қаламыз.

– «Ей, ана мол мұраны күш-қайратым барында сақтап келдім. Өзімді, денсаулығымды емес, сол мол мұраны күтумен осынша жасқа келдім. Енді менен қажыр кетіп бара жатыр. Көмектерің керек. Жандарың ашыса, бекерге шіріткенше, сақтап қалуға тырысыңдаршы», – дейді кіріп келіп. Біздің қолдан не келсін. Мұңына ортақтасамыз да қоямыз. Бұл кісінің зар илейтініндей де бар. Қаланың қақ ортасындағы Төле би көшесіндегі 45-үйдің жертөлесіне орналасқан фотолабораториясында сол үйдің бір құбыры жарылып, 200-ден астам суреттерін су шайып іске жарағысыз еткен. Жарығы қиылғалы да талай уақыт болған. Демек, қазақ халқының 50 жылдық фотошежіресі далада қалғалы тұр. Ардагер фототілші жалпы құны 11 миллион 613 мың теңгені құрайтын құнды фотоларын Ақтөбе, Орал, Атырау облыстарының өлкетану мұражайларына тарту еткен. Біздің бұл айтып отырғандарымыз жарты ғасырдың фото-полотносын жасаған фотографияның шағын портреті ғана. Бұл кісіні жай ғана фотограф деп емес, тарихшы, шежіреші, журналист, жиһангез, суретші деп тануымызға болады. Құлағы мүкіс тартып, көзінің жанар оты сейілсе де, кәрі жолдасы фотоаппаратты қолынан тастағысы жоқ. Сонымен қатар, жастайынан әдет қылған қаламы да қаңтарылатын түр танытпайды. Құстың қос қанаты сынды осы екі құралымен біраз биікке көтерілген ақсақалды бүгінгі ұрпақтың тани бермейтіні анық. Басқа басқа, журналистика факультетінің студенттері де білмейді деуге негіз бар. Сондықтан біз ескертуге тиіс бір жайт, Рысқали ақсақалмен аталмыш факультеттің байланыс жасайтын кезі келді. Бітірушілер Рысқали шығармашылығынан дипломдық жұмыстар жазса, жыл сайын кездесу өткізіп тұрса артық болмас еді.

Б.Шегебайұлы,
«Дала мен Қала» газеті
2006 ж.



FO-RD - 1-02

Автопортрет



Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов
1958 ж.

FO-RD-1-03



FO-RD-1-04

Композитор Ахмет Жұбанов.
1950 ж.



Қаһарман жазушы
Бауыржан Момышұлы. 1966 ж.

FO-RD-1-05




Қазақ ССР-ының халық артисі, әнші
Ғарифолла Құрманғалиев. 1965 ж.

FO-RD-1-06

Бір топ жазушы әйгілі еңбек адамдарымен бірге (солдан оңға қарай): Әнуар Әлімжанов, Мұхамеджан Қаратаев, Әбділда Тәжібаев, Сәуірбек Бақбергенов, Социалистік Еңбек Ерлері Жазылбек Қуанышбаев, Ыбырай Жақаев және Сапарғали Бегалин т.б. 1972 ж.



FO-RD-1-07




FO-RD-1-08

Ақын Қалижан Бекхожин.
1985 жыл, қараша



FO-RD-1-09

СССР халық артисі, композитор
Мұқан Төлебаев. 1957 ж.



Ақын Жұбан Молдағалиев.
1970 ж.



Солдан оңға қарай:
Жұмағали Саин, Есмағамбет Исмаилов,
Есенгелді Жақыпов, Сапарғали Бегалин,
Рахманқұл Бердібаев, Кенен Әзірбаев,
Мардан Байділдаев, Тұманбай Молдағалиев,
Мәриям Хакімжанова, Мүсілім Базарбаев,
Әбділда Тәжібаев.
1959 жыл.

Ауыл баласы.



FO-RD-1-12

FO-RD-1-13



Жылы ұңа қонбайсың ба,
бозторғайым...



Қыран бүркіт не алмайды
салса баптап.
1959 ж.

FO-RD-1-14

Әскерден қайтқан солдат.
1955 ж.

FO-RD-1-15



Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған...
Қайранда менің Еділім!



FO-RD-1-16

1906-1971



FO-PR-2-01

Петр РЕДЬКО

«Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде ұзақ жылдар қызмет істеген. Басылымның 170 мың оқырманы кезінде сол кісінің түсірген суреттерінен ләззат алып келді. Сол заманның өр тұлғасын паш еткен әр суретте Петр Яковлевичтің жүрек жылуы әлі күнге дейін сақтаулы.